

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 8D02310 - «Филология» мамандығы PhD докторантты Серкебаева Гаухар Искакбековнаның ««Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабактастыры» атты философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының қолжазбасына

### **Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

<b>p/c №</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)</b>	<b>Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме</b>
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2023 жылдың 8 қыркүйегінде Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына және «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер» ғылыми бағыты сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Орта ғасырдағы «мемлекеттік тіл» қыпшақ тілінде жазылған жәдігердегі сөздердің қазіргі қазақ тілімен сабактастырына арналған зерттеу жұмысы - өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы толық ашылған.

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары</u>;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмысты жазудағы өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері ғылыми дәлелдерге құрылған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>негізделген</u>;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеудің өзектілігі жалпы саны 181 отандық және шетелдік ғалымдардың баспа жұмыстарын қамтитын әдебиет көздерін егжей-тегжейлі талдап, нәтижесінде жоспарланған жұмыстың негізгі бағытын айқындайтындағы іздену тереңдігімен негізделеді. «Кодекс куманикус» жазба ескерткішіндегі құман қыпшақтары материалдарын алғаш рет толық жинақтап, арнайы лұғат сөздік құрастырған және транскрипциясын жасаған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды</u>;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны ұсынылған жұмыстың тақырыбын толық айқындайды. Диссертациялық жұмыс өзара тығыз байланысқан үш тараудан тұрады. Диссертациялық жұмыстың «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің материалдық дереккөздерін қазіргі қазақ тілімен тікелей сабактасатынын дәлелдейтін негізгі ұғымдары қарастырылған, екінші тарауда лексикалық қордың көнеру уәждеріне, лексика-семантикалық ерекшеліктреі мен кәсіби сөздерге және олардың терминдердегі, тұрақты сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілінде қолданылуына, жазба ескерткіштің ономастикалық кеңістігі аясында зерттеулер жүргізілген. Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында жазба ескерткіштегі сөздердің өазіргі тіліміздегі фономорфо-семантикалық өзгеріске түскендерінен тақырыптық-семантикалық топтарын ұсынған. Әр тараудың соңында сәйкесінше тұжырымдары, яғни нәтижелері берілген.</p>

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толықтай өзара байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты және міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары логикалық түрде толық байланысқан.</p> <p>Автор ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырғанда сыни көзқараспен ой қорытындылаған.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u>;</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылған диссертациялық зерттеудің қағидаттары толығымен жаңа, себебі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- зерттеу жұмысының құндылығын арттырған «Кодекс куманикус» жазба ескерткіші мәтінінің қазақ тіліндегі толық транскрипциясы жасалған және «Ортағасырлық «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің лұғаты» құрастырылған;</li> <li>- жазба ескерткіштегі фонетикалық қабаттың қазіргі қазақ тілімен сабактастырылған тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы талданып, жеке фонемалардың дыбыстық өзгерістерге ұшырау үдерісі мен дыбыстық алмасулар, дыбыстар сәйкестігі тарихи фонетикалық тұрғыдан</li> </ul>

сарапталған;

- жазба ескерткішті көшіруші авторлар тарапынан құман әліпбій түзу бойынша бірізділіктің сақталмауы салдарынан түпнұсқа мәтініндегі сөздердің өзгеріске ұшырауы, кейбір қыпшақ сөздерінің дұрыс оқылмауы анықталған; жазба ескерткіш лексикасын а) жалпы түркілік лексика; ә) мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ бірліктер; б) қазіргі қазақ тілінде сол қалпында қолданылатын лексикалық бірліктер; в) аз кем фонетикалық өзгерісі бар, бірақ мағынасында еш ауытқуы жоқ лексикалық бірліктер; г) мағыналық та тұлғалық та жағынан өзгеріске түсken деп топтастырып, тілдік бірліктерге статистикалық талдау жасаған; ескерткіш тіліндегі кірме сөздер (парсы, араб, қытай, соғды, славян, украин, латын, еврей, армян, итальян, түрік, қыргыз, монгол, т.б) анықталған және статистикасы берілген;
- ескерткіштегі арнаулы лексика: кәсіби сөздер сот сөздері, медицина салсына қатысты сөздер, әкімшілік басқару жүйесіне қатысты сөздер, оку білімге қатысты сөздер ажыратылып, олардың терминденуі анықталған;
- ескерткіш тіліндегі тұракты сөз тіркестері, олардың қазіргі қазақ тілінде қолданылу деңгейі нақтыланған және оның сандық көрсеткіші берілген;
- ескерткішіндегі фономорфо-семантикалық өзгеріске түсken сөздік құрамның тақырыптық-семантикалық топтарын: «жануар атаулары», «жаратылыс құбылыстарына қатысты атаулар», «адамға қатысты жалпы есімдер», «соматикалық атаулар» деп бөлген.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  
1) толығымен жаңа;

Диссертацияда ғылыми нәтижелерге негізделген жаңа қорытындылар бар. Алынған нәтижелердің жаңалығы Scopus базасына кіретін халықаралық рейтингтік

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	басылымдарда мақалалардың жариялануымен расталды.	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Алынған нәтижелер, сондай-ақ диссертация қорытындылар негізделген және сенімді, бұл зерттеу әдістерімен, эмпирикалық және есептелген мәліметтермен қамтамасыз етіледі.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>Корғауға шығарылған 2 қағидаттар:</p> <p>1 қорғалатын қағидат бойынша жауаптар:</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p> <p>2 қорғалатын қағидат бойынша жауаптар:</p> <p>7.1 дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә</p> <p>7.4 кең</p> <p>7.5 иә</p>

		<p>1) ия;      2) жоқ;      3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;      2) орташа;      3) кең;      4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;      2) жоқ;      3) бұл тұжырымда мақаладагы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;      2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған:</p> <p>1) ия;      2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занұлықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар</p>	<p>Әдістеменің тандауы негізделген.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алғынған:</p> <p>1) иә</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занұлықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған.</p>

		<p>бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	
		<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер қолданыстағы және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Бұл пайдаланылған әдебиеттер тізімінен көрінеді.</p>
		<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Автор жеткілікті әдеби дереккөздерге шолу жасады. Scopus және Web of Science халықаралық рецензияланатын деректер базасынан алынған дереккөздерге сілтемелер келтірілген.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Жұмыста теориялық маңызы бар нәтижелер мен оларға негізделген тұжырымдар келтірілген.</p> <p>1) иә</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және зерттеулер нәтижесінде алынған сөздердің транскрипциясы мен лұғаты жеке кітап болып шығарылған.</p> <p>Тәжірибеге арналған ұсыныстар жаңа болып табылады, атап айтқанда, салыстырмалы, статистикалық және фономорфо-лексикалық талдаулардың нәтижелерімен расталады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> </ol>	<p>Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертацияны рәсімдеу талаптарға сәйкес келеді.</p>

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Біріншіден, 2-тарауда (128-134-172 беттерде) Сурет-1,2 де «сандық көрсеткіш» деп беріліп, Сурет-3-те «статистикасы» деп берілген.</p> <p>Екіншіден, 3-тарауда тақырыптық семантикалық топтардың әрқайсысына сандық көрсеткіш берілгені дұрыссырақ еді.</p> <p>Бірақ бұл айтылған ұсыныс диссертацияның құндылғын ешбір төмендетпейді және олар кеңес ретінде ұсынылды.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми денгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми денгейін зарделейді)		<ol style="list-style-type: none"> <li>Кодекс Куманикус қолжазбасындағы үстеулердің лексика-грамматикалық сипаты // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №4/2022. – 47-55 бб. <a href="https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.05">https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.05</a></li> <li>Қазіргі қазақ тіліндегі көнерген лауазым атауларының «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі этнолингвистикалық сипаты // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – Филология сериясы. – №1(142)/2023. – 67-76 бб. <a href="https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-67-75">https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-67-75</a></li> <li>Ортағасырлық Кодекс Куманикус жазба ескерткішіндегі наным-сенімдерге қатысты бірліктердің танымдық сипаты // Ясауи университетінің хабаршысы. – Том 2, №132/2024. – 152-166 бб. <a href="https://doi.org/10.47526/2024 2/2664-0686.51">https://doi.org/10.47526/2024 2/2664-0686.51</a> Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:</li> <li>Некоторые проблемы сопоставительного исследования тюркских памятников письменности средневековья // Язык и речь. – Ереван, Национальная академия наук Республики Армения институт языка имени Р. Ачаряна. – 1(1) 2021. – С.107-118. <a href="https://doi.org/10.54412/2738280X-2021.1-107">https://doi.org/10.54412/2738280X-2021.1-107</a></li> </ol>

		<p>5. Тарихи қыпшақ тілі туралы зерттеулер және А.Н. Гаркавеңтің қыпшақ тілін зерттеуге қосқан үлесі // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толына орай Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті ұйымдастырыған «Қазақстан Тәуелсіз және рухани-мәдени құндылықтары» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция жинағы. – 1 том. – Алматы, 2021.</p> <p>6. «Codex Cumanicus» сөздігі және қазіргі қазақ тілі // Вестник Кыргызстана. – №2 (2), 2021. – 34-39 бб. <a href="https://doi.org/10.33514/BK-1694-7711">https://doi.org/10.33514/BK-1694-7711</a> 2021-2(2)-34-39. 8. Category «Transitional nature of the movement» in the Codex Cumanicus manuscript // Science and innovation international scientific journal. – Volume 2 Issue 3. – March 2023. – P. 43-49. <a href="https://doi.org/10.5281/zenodo.775117">https://doi.org/10.5281/zenodo.775117</a></p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>Корытынды: 8D02310 - «Филология» мамандығы бойынша Серкебаева Гаухар Искакбековнаның ««Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен сабактастыры» тақырыбында ұсынылған диссертациялық жұмысы диссертацияға қойылатын барлық талаптарға сай келетіндігін негізге ала отырып, Серкебаева Гаухар Искакбековна философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.</p>

### Ресми рецензент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, ф.ғ.к.

